

**Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетудің қосымша шараларын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 28 қыркүйектегі N 263 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2011 жылы 28 қазанда N 10-4-159 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 10 мамырдағы N 154 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2012.05.10 N 154 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына және "2011-2013 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Қазалы аудандық Мәслихатының 2010 жылғы 29 желтоқсандағы XXXII сессиясының N 248 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 10-4-137 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша тиісті бюджеттен бөлінген қаражаттар шегінде жекелеген санаттағы азаматтарға жылына бір рет әлеуметтік көмек мынадай мөлшерде белгіленсін:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайы) - 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

2) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдарға - 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) 1979-1989 жылдары Ауғанстан соғысына және 1988-1989 жылдары Чернобыль АЭС-сындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысушыларға - 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

2. Әлеуметтік көмектің тағайындалуы және төленуі бюджеттік бағдарлама әкімшісі "Қазалы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы жүзеге асырылады.

3. "Қазалы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Ж. Жалғасбай) заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті құжаттардың негізінде бөлінген қаражаттарды әрбір алушының банктік операцияларды жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдарда әлеуметтік көмекті алу үшін ашылған жеке шоттарына аударады.

4. Әлеуметтік көмек Қазақстан Республикасының "Республикалық бюджет туралы" Заңымен бекітілген айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне сәйкес қайта е с е п т е л е д і .

5. Әлеуметтік көмек оны алушы қайтыс болған жағдайда немесе қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да негіздерге сәйкес тоқтатылады.

6. "Қазалы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Ж. Жалғасбай) осы қаулыдан туындайтын шараларды қ а б ы л д а с ы н .

7. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазалы ауданы әкімінің орынбасары Б. Жолтаевқа жүктелсін.

8. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*міндетін атқарушы* *А у д а н* *ә к і м і н і ң*  
*С. Аманов*